«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

25.04.2018ж № 02-09/1053

«Eco-Operating» ЖШС
Жаңаөзен қаласы, Өркен шағын аудан, 67/26

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі - Департамент) Сіздің 09.04.2018 жылғы №10233 (веб-порталмен келіп түскен) арызыңызға қатысты келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, «Ақтау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі» ММ (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) жаряилаған №2354653-1 санды «Сынапқұрамды шамдар мен аспаптарды жинау, тасымалдау және демеркуризациялау» мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде Сіздің арызыңызда көрсетілген мәселелер келесідей негіздермен өз дәлелін таппады.

Ұйымдастырушы тарапынан бектіліген конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте сынапқұрамды шамдар мен аспаптарды тасымалдау және демеркуризациялау процесі Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 288-бабының 6-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес жүргізілуі тиіс делінген.

Осыған сәйкес, Қазақстан Республикасының 09.01.2007 жылғы №212 Экологиялық кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 288-бабы 6-тармағында қалдықтарды залалсыздандыру немесе орналастыру тәсілдерін және орнын таңдау кезінде, сондай-ақ қалдықтарды өңдеуді, жоюды немесе орналастыруды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды айқындау кезінде қалдықтардың меншік иелері қалдықтардың құралу көздерінен олардың барынша **аз көшірілуін** қамтамасыз етуге тиіс деп көрсетілген.

Осылайша, Департамент Кодекстің бұл тармағында қалдықтарды өңдеуді, жоюды немесе орналастыруды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды айқындау кезінде қалдықтардың меншік иелері қалдықтардың құралу көздерінен олардың барынша **аз көшірілуін, яғни көлемі (мөлшері) жөнінде** айтылған деп санайды. Яғни, арақашықтығы жөнінде талап қойылмаған.

Себебі, Қазақстан Республикасының инвестициялар және даму министрлігі көлік комитетінің «Атырау облысы бойынша көліктік бақылау инпекциясы» РММ тарапынан «АТАКИМ» ЖШС-не арнайы қалдықтарды (Класс-6) тасымалдау үшін Атырау облысы мен Маңғыстау облысы бағытына арнайы рұқсат берілген.

Сол сияқты, Қазақстан Республикасының инвестициялар және даму министрлігі көлік комитетінің «Маңғыстау облысы бойынша көліктік бақылау инпекциясы» РММ тарапынан Сізге арнайы қалдықтарды (Класс-6,1) тасымалдау үшін Ақтау-Атырау-Орал-Актөбе-Арал бағытына арнайы рұқсат берілген.

Бұдан басқа, Департамент тарапынан камералдық бақылау жүргізу барысында бұзушылықтар анықталып Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада көзделген тәртіппен тиісті шара қабылдау үшін Ұйымдастырушыға анықталған бұзушылықтарды жою үшін хабарлама жіберілді.

Сонымен қатар, Ұйымдастырушы хабарламамен келіспен жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылдағы 30 қарашадағы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 14-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне қарсылық жіберуге құқылы.

Осылайша, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10-бабына сәйкес арызыңызға жауап мемлекеттік тілде берілді және 12-бабына сәйкес өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С. Қасымов**

орын. Н.Жақайұлы
тел: 8/7292/ 31-90-92